

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы**

БЕКІТЕМІН
Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

_____ **А.Қ.Қалиев**
« _____ » _____ **2018 ж.**

**Пәннің оқу-әдістемелік кешені
(ПОӘК)**

«Тергеушінің (анықтаушының) тергеулік қарап-тексеру өткізу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру» пәні бойынша күндізгі оқыту факультетінің 4 курс курсанттарына (2015 ж. алым) 2018-2019 оқу жылының 7 семестріне арналған

Қарағанды 2018

«Тергеушінің (анықтаушының) тергеулік қарап-тексеру өткізу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру» пәнінің оқу-әдістемелік кешені дайындаған: Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының оқытушысы Қ.М.Әлімбаев

«Тергеушінің (анықтаушының) тергеулік қарап-тексеру өткізу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру» пәні бойынша күндізгі оқыту факультетінің 4 курс курсанттарына (2015 ж. алым) 2018-2019 оқу жылының 7 семестріне арналған оқу-әдістемелік кешені «Тергеушінің (анықтаушының) тергеулік қарап-тексеру өткізу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру» жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS) негізінде жасалған.

Пәннің оқу-әдістемелік кешені кафедра мәжілісінде талқыланды.

2018 ж. «_____» № _____ хаттама

**Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедрасының бастығы, з.ғ.к.**

А.Қ.Қалиев

Пәннің оқу-әдістемелік кешені Академияның оқу-әдістемелік кеңес мәжілісінде мақұлданды.

2018 ж. «_____» № _____ хаттама.

МАЗМҰНЫ

№	Құжаттар тізімі
1	Пәннің жұмыстық оқу бағдарламасы (Syllabus)
2	Пән бойынша тапсырмалар тапсыру және орындау кестесі
3	Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі картасы
4	Аудиториялық сабақтарды өткізудің тақырыптық жоспарлары
5	Дәріс кешені (дәріс тезистері, көрнекі және үлестірме материалдар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі)
6	Пәнді оқытудың әдістемелік нұсқаулығы
7	Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау және бақылау бойынша материалдар
8	Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз етілуі
9	Арнаулы аудиториялар мен оқу-әдістемелік кабинеттер тізімі
10	Әдістемелік әзірлемелер (талдаулар)

Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы
Заң институты
Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасы

«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов
атындағы Қарағанды академиясы
бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі
З.С.Тоқыбаев
«_20_»_____06_____2018 ж.

**Пән бойынша жұмыс оқу бағдарламасы
(SYLLABUS)**

Т(А)ОВZhTK 4313 «Тергеушінің (анықтаушының) оқиға болған жерді тексеру қызметі» пәні бойынша күндізгі оқыту факультетінің 4 курс курсанттарына (2015 ж.а.)

5B030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы

оқыту нысаны: КОФ
курс: 4
семестр: 7
кредит саны: 3 (135 сағат)
дәріс: 1
семинар: 1
тәжірибелік сабақтар: 43
КОӨЖ: 15
КӨЖ: 75
Емтихан

Қарағанды- 2018

«Тергеушінің (анықтаушының) оқиға болған жерді тексеру қызметі» пәні бойынша 5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған: Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі полиция капитаны Қ.М.Әлімбаев

Кафедра мәжілісінде қарастырылды

« 05 » 06 2018 ж., № 21 хаттама

**Қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу
кафедрасының бастығы
З.Ғ.К. полиция полковнигі**

А.Қ.Қалиев

Оқу әдістемелік кеңес мәжілісінде бекітілді

« 14 » 06 2018 ж., № 10 хаттама

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2018 ж.

2.1. Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	5В030300 «Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	4 курс, 7 семестр
3. Пәннің циклі	Таңдау бойынша компонент. Т(А)ОВZhTK 4313
4. Кредит саны	3
5. Сабақ өткізу орны	Оқу аудиториясы, дәріс залы.
6. Дәрісті оқитын (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқада байланыс ақпараты)	ҚСДТ кафедрасының бастығы з.ғ.к. Қалиев А.Қ. Байланыс телефондары – 30-34-03, 333, 307.
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқада байланыс ақпараты)	ҚСДТ кафедрасының бастығы з.ғ.к. Қалиев А.Қ., кафедра бастығының орынбасары з.ғ.к. Сүлейменов Т.Н., кафедраның доценттері Кемпирова Ж.С., Бейсенбаев А.Ж., Шақжанов А.Т., кафедра оқытушылары Әлімбаев Қ.М., Болғанбаев М.С. Байланыс телефондары – 30-34-03, 333, 307.

2.2. Пререквизиттер:

Мемлекет және құқық теориясы. Құқықтың мазмұны және түсінігі. Құқық қорғау органдары: Қазақстан Республикасының Прокуратурасы, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары, Қазақстан Республикасының алдын ала тергеу органдары. Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Қылмыстың түсінігі. Қылмыстың құрамы. Қылмыстық жауапкершілік және оның негіздері. Қылмыстың субъектісі. Қылмыстық жауапкершілікті болғызбайтын мән-жайлар. Қылмыстың сатысы. Қылмысқа қатысушылық. Жазаның түрлері, жүйесі, мақсаты және түсінігі. Жаза тағайындау. Соттылықты алып тастау және жою. Қылмыстық құқық.

2.3. Постреквизиттер:

"Криминалистика", "Қазақстан Республикасының Прокурорлық қадағалау", "Қылмыстық процесс", "Жедел іздестіру қызметі негіздері", "Соттық риторика", "Сот медициналық және психиатриялық негіздері".

2.4. Пәнді қысқаша сипаттау:

Мақсаты: «Тергеушінің (анықтаушының) тергеулік оқиға болған жерді тексеру қызметі» пәні Қазақстан Республикасының ІІМ жоғарғы оқу орындары жүйесінде оқытылатын пәндердің бірі болып табылады. Күндізгі оқу факультетінің курсанттары 5В030300- «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мемлекеттік стандарттарына сәйкес аталған пәнді оқуға міндетті.

Курсанттармен «Тергеушінің (анықтаушының) тергеулік қарап-тексеру өткізу жөніндегі жұмысын ұйымдастыру» пәнін оқып үйрену сабақтардың жоспарымен және тақырыптық жоспармен танысуы қажет. Бұл пәнде Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының қызметкерлері іс жүргізу құжаттарын құру және тергеулік қарап-тексеру

өткізу бойынша дайындықтарын іске асыруы бойынша тергеушінің (анықтаушының) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне байланысты сұрақтар толық көлемде орын алған.

Оқытылатын пәннің негізгі мақсаты болып «5В030300 - құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша курсанттарды дайындау болып табылады. Олар Академияны бітіргеннен соң құқық қорғау органдарының алдына қойған тапсырмаларды орындауға оның ішінде қылмыстың алдын алуда, болған қылмысты тез арада ашып сапалы тергеуде себептерін тигізеді.

Курсанттардың міндеттері.

Курсанттар білуі қажет:

- қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне жету үшін негізгі маңызы бар құқық және нормаларын;

- жалпы қылмыстардың санаттарының теориялық негіздерін;

- ПО алдын-ала және анықтау органдарының тергеу ретіне жататын қылмыстарды ашу және тергеу тактикасы мен әдістерін;

- басқа құқық қорғау органдарымен және қоғаммен өзара әрекеттесу түрлерін; қылмыстарды ашу және тергеу барысында жедел бөліністердің басқа да қызметтерімен өзара байланысын;

- тергеудің алғашқы кезеңінде процессуалдық, тактикалық және ұйымдастырушылық шешімдерді қабылдау теориясын;

- қылмыс жасаудағы күдіктіге қатысты процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданудың процессуалдық тәртібін;

- кейінге қалдырылмайтын және алғашқы тергеу әрекеттерінің тактикалық тәсілдерін;

- криминалистикалық техниканың тактика-техникалық мүмкіндіктерін;

- жедел және криминалистикалық есептердің жүйесін;

- қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында заттай дәлелдемелерді белгілеу, іздеу, табу, алу және зерттеу тәсілдері мен әдістерін, заманауи техника-криминалистикалық құралдарды;

Курсанттар мыналарға шебер болуы қажет:

- қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттеріне жету үшін негізгі маңызы бар құқық нормаларын дұрыс қолдануды;

- криминалистикалық техниканың тактика-техникалық мүмкіндіктерін, заттай дәлелдемелерді зерттеу әдістерін және жедел-криминалистикалық тіркеулерді енгізулерді қолдануды;

- қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында қолданбалы ғылымдардың, арнайы білімдердің мүмкіндіктерін қолдануды;

- құжаттық ревизияларды және түгендеулерді жүргізудің тактикасы мен әдістемесін қолдануды;

- жедел-ізвестіру шараларын жүргізу барысында түскен мәліметтерді ресімдеу және қолдануды;

- жедел және криминалистикалық тіркеулерді қолдану;

- қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында заттай дәлелдемелерді іздеу, табу, бекіту, алу және зерттеу қазіргі техникалық-криминалистикалық құралдарын, әдістерін және тәсілдерін қолдануды;

- қылмысты ашуды және кінәлі тұлғаларды анықтауды қамтитын тергеу болжамдарын кұруды;

- қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес тергеу іс-әрекеттерін ұйымдастыру және жүргізуді;

- Қазақстан Республикасының және басқа елдерінің құқық қорғау қызметтері және бөліністерімен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруды;

- процеске қатысушылардың құқықтарын жүзеге асыруын және міндеттерін

орындауын қамтамасыз етуді, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шараларды қолдануды;

- процессуалдық мерзімдерді санау және оларды ұзарту туралы мәселені шешуді;

Курсанттар мыналарды білуі қажет:

- басқа білім саласы бойынша және сот сараптамасын жүргізу әдісі ;
- сараптамалық-криминалистикалық есептерді, картотекаларды, енгізу, қылмыстарды ашу және тергеуде оларды қолданудың тиімділігін арттыру бойынша іс шараларды дайындау және жүзеге асыру түрі;
- жедел ақпараттарды тексерудің құралдары мен тәсілдерін және оны өңдеу мен сараптау туралы ұсынымдары болуы қажет.

Тек қана толық көлемде осы білімдер мен шеберліктерді меңгерген курсант таңдаған мамандыққа сәйкес өзіне қойылған міндеттерді орындауға тиіс маман деп тануға болады.

Күтілетін нәтижелер: аталған пәнді оқып үйрену тергеушінің іс қағаздары мен қиын процессуалдық іс құжаттарын толтыру, оқиға болған жерге қарап-тексеру жүргізу, нәтижелерін бекіту, тергеу әрекеттерін жүргізуде іскерлігі мен шеберлігін дамытуға көмектеседі. Мұндай іскерлікті дамыту қылмыстық істер бойынша тергеу әрекеттерін өздігінен жүргізу барысында тәжірибелік қызметін қалыптастырады.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалағасәйкес)	Балы (рейтинг-шкалағасәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	1) Дәріс конспектілерін дайындау. 2) Тақырып бойынша жауап беру. 3) Тапсырмаларды орындау (процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
2	1) Тақырып бойынша жауап беру. 2) Тапсырмаларды орындау (процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
3	1) Тақырып	Ағымдағы			0-100	Жауап	Кесте

	бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	бақылау				Конспект	бойынша
4	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
5	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
6	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
7	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
8	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша

	толтыру).						
9	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
10	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
11	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
12	1)Тақырып бойынша жауап беру. 2)Тапсырмаларды орындау(процессуалдық құжаттарды толтыру).	Ағымдағы бақылау			0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша

2.6. Курстың саясаты.

а) кестеге сәйкес міндетті түрде барлық аудиториялық және аудиториялық емес КОӨЖ сабақтарына қатысу.

б) сабақтарға әрдайым дайындалу;

в) КОӨЖ және семинар сабақтарында белсенділік таныту

г) босатып алған сабақтар бойынша оқытушымен белгіленген уақытта өтемдер жасау;

д) өзіндік жұмыстардың барлық түрлерін уақытында орындау.

е) тәртіпті сақтау.

Рұқсат етілмейді:

а) Сабақтан кешігу және кетіп қалу;

б) тапсырманы уақытында орындамау;

- в) сабақ барысында ұялы телефонды қолдану, бөтен әңгімелер айту, сағыз шайнау;
г) алдау.

2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

п/ п	Атауы, авторлары	Шығарылған жері мен жылы
1. Құқықтық актілердің атауы		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 ж. (өзгерістер және толық-р.) 10.03.2017 ж.	//http://online.zakon.kz.
2	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілде. (өзгерістер және толық-р. 09.01.2018 ж.)	//http://online.zakon.kz.
3	Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілде. (өзгерістер және толық-р. 24.05.2018 ж.)	//http://online.zakon.kz.
4	"Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар	//http://online.zakon.kz.
5	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығына 1-қосымша Ішкі істер органдарының құзыретіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша алдын ала тергеуді және анықтауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық	//http://online.zakon.kz.
6	"Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 148 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 2 қарашада № 14383 болып тіркелді.	//http://online.zakon.kz.
7	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсанындағы № 1291 қаулысымен бекітілген, Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидалары туралы.	//http://online.zakon.kz.

8	Қазақстан Республикасы ИМ 28.06.2011 жылы №311 Бұйрығымен бекітілген оқиғалар және қылмыстар туралы арыздар мен хабарламаларға ішкі істер органдарының кезекші жедел-терге тобының іс әрекеті бірінғай тәртібі туралы нұсқаулығы.	//http://online.zakon.kz.
9	Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдарды қолдану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 91 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 қыркүйекте № 9761 тіркелд	//http://online.zakon.kz.
10	Сот-сараптама қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ.	//http://online.zakon.kz.
11	Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.	//http://online.zakon.kz.
12	Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ.	//http://online.zakon.kz.
13	Психикалық белсенді затты пайдалану фактісін және мас болу жағдайын анықтау туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 446 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 4 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2389	//http://online.zakon.kz.
14	Сот-медициналық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 20 мамырдағы N 368 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 23 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6305 болып енгізілді	//http://online.zakon.kz.
15	Жедел-ізвестіру қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-XIII Заңы.	//http://online.zakon.kz.
16	Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014	//http://online.zakon.kz.

	жылғы 12 желтоқсандағы № 565, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 62, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 892, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 146 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 416 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 27 желтоқсанда № 10027 тіркелді	
17	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптама органдарының сот-наркологиялық сараптамалар жүргізу нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 94 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 25 наурызда № 13525 болып тіркелді.	//http://online.zakon.kz.
18	Сот-психиатриялық сараптаманы өндіру Нұсқаулығын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 12 наурыздағы № 164 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 29 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6143 болып енгізілді	//http://online.zakon.kz.
2. Негізгі әдебиеттер		
19	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші идустириалды революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы 10 қаңтар 2018 жыл.	//http://www.akorda.kz./
20	Кенжетәев Д.Т., Калиев А.К., Балтабаев Т.Н., Примерные образцы уголовно-процессуальных документов досудебного расследования.	Қараганда 2014.
	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С., Новеллы досудебного расследования по УПК Республики Казахстан учебно-практическое пособие (краткий анализ в схемах).	Қараганда 2015.
21	Бейсенбаев А.Ж., Кондратьев И.В. Дознание по присвоению или растрате вверенного чужого имущества образцы процессуальных документов. Учебно-практическое пособие.	Қараганда 2015.
22	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С., Бейсенбаев А.Ж. Досудебное производство по уголовным делам: образцы процессуальных документов.	Қараганда 2014.

23	Тяжина А.О., Ногайбаева А.С. Досудебное расследование отдельных категорий уголовных правонарушений (изнасилование).	Караганда 2015.
24	Калиев А.К., Кондатыев И.В., Хасенов Е.А. Досудебное расследование уголовных правонарушений (убийство). Учебно- практическое пособие (под общей редакцией д.ю.н., профессора Токубаева З.С.)	Караганда, 2015.
25	Калиев А.К., Шакжанов А.Т., Ақшолақов Р.Б. Алаяқтық жолмен жасалған қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеру. Әдістемелік нұсқаулықтар мен процессуалдық құжаттардың үлгілері. Оқу-тәжірибелік құрал.	Караганда, 2015.
26	Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л. Уголовный процесс. Досудебное производство.	Астана, 2000.
27	Громов В.И. Заключение эксперта как источник доказательства.	М.://Юстиция.1997.
28	Шурухнов Н.Г. Тактика следственного осмотра и освидетельствования Криминалистика: Курс лекций.	М.: Эксмо. 2006.
29	Журсимбаев С.К. Роль прокурора при отправлении уголовного правосудия.	Алматы, 2002.
30	А.К.Қалиев, Т.Н.Сүйлеменов, А.Ж.Бейсенбаев, А.Т.Шакжанов. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы іс жүргізу құжаттарының үлгілері.	Қарағанды: 2016 ж
3. Қосымша әдебиеттер		
31	Руководство для следователей / Под ред. Н.А. Селиванова В.А., Снеткова.	Москва, 1998.
32	Бахин В., Когамов М., Карпов Н. Допрос на предварительном следствии (уголовно – процессуальные и криминалистические вопросы): Монография.	Алматы:Жеті жарғы, 2004.
33	Доспулов Г.Г. Процессуальные основы допроса.	Алматы, 1996.
34	Гинзбург А.Я. Оpozнание в следственной, оперативно-розыскной и экспертной практике: Учебно-Тәжірибелік пособие /	Москва, 1996.
35	Гаврилов А.К. Следственные действия: (процессуальная характеристика, тактические и психологические особенности) А.К. Гаврилов, Б.П. Смагоринский.	Москва: ИКФ Экмос, 1994 г.
36	Алиев Т.Т. Доказательства, понятие, свойства / Т.Т. Алиев, Н.А. Громов, А.И. Гришин // Закон и право.	А. - 2002
37	Ахпанов А.Н. Возбуждение уголовного преследования и применение мер процессуального принуждения: Учебное пособие.	Караганда, 2000.
38	Шуменова Р.Т. Система процессуальных гарантий	Алматы, 2003.

	обеспечения принципов уголовного судопроизводства. Монография.	
39	Бегалиев К. А Меры пресечения по УПК РК// Гос. и право.	Алматы, 2003.
40	Капсалямов К.Ж. Уголовно-процессуальная сущность залога // Сб. науч. трудов.	Караганда: КВШ КНБ РК, 1997.
41	Жалыбин С. М. Обеспечение прав человека при уголовном преследовании. - Правовая реформа в Казахстане.	Алматы – 2001г.
42	Балтабаев К.Т. Домашний арест в уголовном судопроизводстве РК: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук.	Караганда, 2001.
43	Майлыбаева Н.Б. Недвижимое имущество: государственная регистрация и проблемы правового регулирования	Караганда, 2010
44	Кадацкий С.Н., Ширинских Д. :Понятой в уголовном судопроизводстве	Караганда, 2013г.
45	Саханова Н.Т. Принцип состязательности и равноправия сторон в уголовном процессе Республики Казахстан	Караганда, 2012г.
46	Майтанов А.М. Дознание в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан	Караганда, 2013г.
4.Интернет – қайнар көздер		
	http://adilet.zan.kz	

2.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары.

«Тергеушінің (анықтаушының) оқиға болған жерді тексеру қызметі» пәні
бойынша 2018-2019 оқу жылына
(7-семестр) 4 курс (2015 ж.а.) курсанттарына сабақ өткізуге арналған
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ:

Кредиттер саны - 3 (135 сағат)

№ т/б	Тақырып нөмері	Тақырып атаулары	Аудиторлық сағаттар			КОӨЖ		КӨЖ
			Дәріс	семинарлық сабақтар	тәжірибелік сабақтар	аудитор.	аудитор. емес	
1	1	Тергеулік қарап-тексерудің түсінігі, мәні және түрлері	1	1	3	1	1	8
2	2	Оқиға болған жерді қарап-тексеруге дайындау және өткізу кезіндегі тергеушінің (анықтаушының) ұйымдастыру-басқару қызметі			3	1	1	4

3	3	Тұрғын үйді қарап-тексеруге дайындау және өткізу кезіндегі тергеушінің (анықтаушының) қызметі			4		1	6
4	4	Жергілікті аймақты қарап-тексеруге дайындау және өткізу ерекшеліктері			4		1	7
5	5	Оқиға болған жерде ізге түсу бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу органдарының ұйымдастыру-басқару қызметі			3	1		5
6	6	Сотқа дейінгі іс жүргізу кезіндегі дәлелді мәнге ие заттарды қарап-тексеру ерекшеліктері. Заттай дәлелдерді сипаттау тәртіптері			3		1	5
7	7	Оқиға болған жерді қарап-тексеру хаттамасын толтырудың процессуалдық ерекшеліктері			4	1	1	7
8	8	Мәйітті қарап-тексеруді өткізу бойынша тергеушінің (анықтаушының) қызметі			4	1		7
9	9	Мәйітті экзгумациялау кезіндегі процессуалдық аспектілері. Мәйітті экзгумациялау кезінде тергеушінің ұйымдастыру-басқару қызметі			3	1		5
10	10	Куәландыру өткізудің процессуалдық аспектілері			4		1	7
11	11	Жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды тергеу кезінде оқиға болған жерді қарап-тексеруге дайындау және өткізудің ұйымдастыру-тактикалық ерекшеліктері			4	1		7
12	12	Меншікке қарсы қылмыстарды тергеу кезінде оқиға болған жерді қарап-тексеруге дайындау және өткізудің ұйымдастыру-тактикалық ерекшеліктері			4		1	7
Барлығы:			1	1	43	7	8	75

2.9. Сабақтар жоспары:

Тақырып № 1. Тергеулік қарап-тексерудің түсінігі, мәні және түрлері.

Дәріс- 1 сағат

Дәріс сұрақтары:

1. Сотқа дейінгі тергеу жүйесіндегі тергеулік қарап-тексерудің түсінігі және мәні.
2. Тергеулік қарап-тексерудің түрлері.

Дәріс тезисы:

Қылмыстық құқық бұзушылықтың іздерін және өзге де материалдық объектілерді табу және анықтау, оқиғаның жағдайын анықтау және іс үшін маңызы бар мән-жайларды айқындау мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жергілікті жерді, үй-жайларды, нәрселерді, құжаттарды, тірі адамдарды, мәйіттерді, жануарларды қарап-тексеруді жүргізеді. Қарап-тексеруді жүзеге асыратын адамның нұсқаулары осы тергеу әрекетінің барлық қатысушылары үшін міндетті.

Қарап-тексеруді жүргізудің жалпы қағидалары:

1. Қарап-тексеру бұған қажеттілік туындаған кезде, әдетте, кейінге қалдырылмай жүргізіледі.

2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабар ала отырып, оқиға орнына дереу келуге және қарап-тексеру жүргізуге міндетті.

3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның уақтылы келуі мүмкін болмаған жағдайда, қарап-тексеруді арыз немесе хабар келіп түскен анықтау органының анықтаушысы немесе өзге қызметкері жүргізуге міндетті.

4. Анықтау органдарының қызметкерлері қарап-тексеруді жүргізу кезінде жәрдем көрсетуге және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тапсырмасы бойынша оқиға орнын күзету, көзбен көргендерді анықтау және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды табу және ұстап алу, зардап шеккендерді көшіру, қаза болғандарды тасымалдау, жалғасып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу және қайталануының алдын алу және оқиғаның өзге салдарларын жою жөніндегі қажетті іс-шараларды жүргізуге міндетті.

5. Қарап-тексеру оның барысы мен нәтижелерін тіркейтін ғылыми-техникалық құралдар қолданыла отырып, ал осы баптың он үшінші және он төртінші бөліктерінде көзделген жағдайда куәгерлердің қатысуымен жүргізіледі.

6. Қажет болған кезде қарап-тексеру күдіктінің, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ маманның қатысуымен жүргізіледі.

7. Табылған іздерді және өзге де материалдық объектілерді қарап-тексеру тергеу әрекеті жүргізілетін жерде жүзеге асырылады. Егер қарап-тексеруге ұзақ уақыт талап етілсе немесе қылмыс анықталған жерде қарап-тексеру елеулі түрде қиын болса, объектілер ол жерден алынып, қапталып, мөрленіп және бүлдірілмей, қарап-тексеруге ыңғайлы басқа жерге жеткізілуге тиіс.

8. Қарап-тексеру кезінде табылғанның және алып қойылғанның барлығы куәгерлерге, қарап-тексерудің басқа да қатысушыларына көрсетілуге тиіс, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

9. Іске қатысы бар объектілер ғана алып қойылуға жатады. Алып қойылған объектілер қапталады, мөрленеді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның және куәгерлер тартылған кезде олардың қол қоюы арқылы расталады.

10. Қарап-тексеруге қатысатын адамдар сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның назарын, өз пікірлері бойынша, істің мән-жайларын анықтауға ықпал ететіннің барлығына аударуға құқылы.

11. Қарап-тексеру кезінде қажет болған жағдайларда қарап-тексерілетін объектілерге өлшеу жүргізіліп, олардың жоспарлары мен схемалары жасалады, сондай-ақ суретке түсіру және өзге де құралдармен түсіріп алу жүргізіледі, бұл туралы хаттамада белгі жасалып, оған көрсетілген материалдар қоса тіркеледі.

12. Тірі адамды қарап-тексеру оның киген киімдерін және денесінің ашық бөліктерін көзбен шолу, сырттай қарап-тексеру нысанында жүргізіледі, оның барысы мен нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасында көрсетіледі.

13. Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру онда тұратын кәмелетке толған адамдардың келісуімен немесе тергеу судьясының санкциясымен ғана жүргізіледі. Егер онда тұратын адамдар кәмелетке толмағандар болса немесе олардың психикалық немесе өзге де ауыр науқастардан зардап шегетіні көрінеу белгілі болса немесе олар қарап-тексеруге қарсы

болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам мәжбүрлеп қарап-тексеру туралы қаулы шығарады, оған тергеу судьясынан санкция алынуға тиіс. Санкция беруден бас тартылған жағдайда, қарап-тексеру жүргізілмейді.

13-1. Тұрғын үй-жайды мәжбүрлеп қарап-тексеруді жүргізу қажет болса, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам сот алдында қарап-тексеруді жүргізу өтінішхатын қозғау туралы қаулы шығарады және оны прокурорға жібереді. Қаулыға қарап-тексеруді жүргізу қажеттігін дәлелдейтін қылмыстық іс материалдарының куәландырылған көшірмелері қоса беріледі.

13-2. Прокурор берілген материалдарды дереу қарап, оны тергеу судьясына жібереді не бас тарту туралы уәжді қаулы шығарады.

Прокурордың бас тартуы осыған ұқсас өтінішхатпен қайта өтініш жасауға кедергі болмайды.

13-3. Материал сотқа келіп түскен соң, тергеу судьясы қарап-тексеруді санкциялау туралы өтінішхатты дереу қарайды.

13-4. Өтінішхатты және ұсынылған материалдарды қарап болған соң, тергеу судьясы қарап-тексеруді санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

14. Егер тұрғын үй-жай оқиға орны болса және оны қарап-тексеруді кейінге қалдыруға болмаса, онда тұрғын үй-жайды қарап-тексеру сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның қаулысы бойынша жүргізілуі мүмкін, бірақ кейіннен материалдар прокурорға бір тәулік мерзімде жіберіледі.

Прокурор берілген материалдарды дереу қарағаннан кейін, жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексеру үшін оны тергеу судьясына жібереді. Егер прокурор қарап-тексеру заң бұзушылықпен жүргізілгенін анықтаса, материалдар тергеу судьясына жіберілмейді және оның заңсыз екені туралы уәжді қаулы шығарылады.

Тергеу судьясы жүргізілген қарап-тексерудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы қаулы шығарады, ол қылмыстық істің материалына қоса беріледі.

Жүргізілген қарап-тексерудің заңсыз екені туралы шешім қабылданса, оның нәтижелеріне іс бойынша дәлелдеме ретінде жол берілмейді.

15. Тұрғын үй-жайды қарап-тексеру кезінде онда тұратын кәмелетке толған адамның қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс. Оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда, жергілікті атқарушы органның өкілдері шақырылады.

16. Ұйымдардың үй-жайлары мен аумағындағы қарап-тексеру олардың әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен жүргізіледі.

17. Дипломатиялық өкілдіктер орналасқан үй-жайлардағы, сол сияқты дипломатиялық өкілдіктердің мүшелері мен олардың отбасылары тұратын үй-жайларды қарап-тексеру тек дипломатиялық өкілдік басшысының немесе оны алмастыратын адамның өтініші бойынша немесе оның келісуімен және қатысуымен ғана жүргізіледі. Дипломатиялық өкілдің келісімі Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы сұратылады. Қарап-тексеру жүргізілген кезде прокурордың және Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі өкілінің қатысуы міндетті.

